

#### 4-Теориялық материал

### КӘСІПОРЫННЫҢ АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫ ТҮСІНІГІ, АЙНАЛЫМ ҚАРЖЫЛАРЫНЫҢ НОРМАТИВІ

Кәсіпорынның айналым капитал өндірістің бір циклінде түгелімен пайдаланылатын өндірістік капиталдың бір бөлігі. Олардың құны өндірілген өнімге толығымен аударылады. Айналым капиталының негізгі элементтері еңбек заттары, қоймадағы шикізат, негізгі және қосалқы материалдар, отын,ыдыс, өндірісте аяқталмай қалған өнім, шала фабрикат, арзан және тез тозатын еңбек құралдары, саймандар, алдағы жылдар шығындары, т.б.

#### Айналым қаражаттарының құрамы мен топтастырылуы.

Кәсіпорынның айналым қаражаттары өндіріс сферасы (айналым қорлары) мен айналыс сферасында (айналыс қорлары) қызмет жасайды. Өндірістік айналым қорлары мен айналыс қорлары айналым қаражаттарының материалдық-заттық құрылымын құрайтын әртүрлі элементтерге бөлінеді.

Айналым қорлары үш топқа бөлінеді:

- өндірістік запастар,
- аяқталмаған өндіріс;
- болашақ кезең шығындары.

*Өндірістік запастар* - өндірістік процесті жүргізу үшін дайындалатын еңбек заттары. Олардың құрамына мына элементтерді кіргізуге болады: шикізатар, негізгі және көмекші материалдар, шалафабрикаттар, отын, жөндеуге арналған қосалқы материалдар, арзан бағалы және тез тозатын заттар.

*Аяқталмаған өндіріс* - кәсіпорынның негізгі қызметі бойынша аяқталмаған өнім, өңделу сатысындағы еңбек заттары.

*Болашақ кезең шығындары* – осы кезеңде шығарылып жатқан бірақ болашақ кезең өніміне жататын өнімдерді өндіріске дайындау мен игеруге кететін шығындар.

Айналыс қорлары келесідей элементтерден тұрады:

- қоймадағы дайын өнімдер;
- жолдағы тауарлар;
- ақша қаражаттары;
- өнімді тұтынушылармен есептеулердегі қаражаттар: дебиторлық және кредиторлық (несиелік) қарыздар.

Осы барлық айналым қаржысы **нормаланатын** және **нормаланбайтын** болып бөлінеді. Айналым қаражатының жеке элементтерінің нормативі:

Негізгі және көмекші материалдар, жартылай фабрикаттар бойынша айналым құрамының нормативі:

$$C_{об} = C_d \times H_3 \quad (19)$$

мұнда  $C_d$  – күнделікті өндіріске тұтынылу қажеттігі;

$H_3$  – материалдар запас нормасы, күндер.

$$C_d = \frac{M_{пл}}{D_k} \quad (20)$$

мұнда  $M_{пл}$  – жоспарланған жылдық материалдық шығындар;  
 $D_k$  – жоспарланған кезең бойынша күнтізбедегі күндер саны.

$$H_3 = T_{тр} + T_{пдг} + T_{тек} + T_{стр} \quad (21)$$

мұнда  $T_{тр}$  – тасымалдау запасы;  
 $T_{пдг}$  – өндірісте тұтынатын материалдарды дайындау уақыты;  
 $T_{тек}$  – ағымдағы запас;  
 $T_{стр}$  – сақтық запас.

*Ағымдағы запас  $T_{тек}$  материал жеткізудің орташа интервалының жартысына тең. Сақтық запас ағымды запастың жартысына тең.*

Аяқталмаған өндірістегі айналым қаржыларының нормативі

$$H_{оснп} = C_d T_{ц} K_{нз} \quad (22)$$

мұнда  $C_d$  – орташа бір күндік шығындар, тенге;  
 $T_{ц}$  – өнім дайындаудағы өндіріс циклінің ұзақтығы, күн;  
 $K_{нз}$  – шығындардың өсу коэффициенті.

Шығынның біркелкі өсуі кезінде:

$$K_{нз} = \frac{C_m + 0,5C_{проч}}{C} \quad (23)$$

мұнда  $C_m$  – негізгі материалдардың жоспарлық шығыны, тг;  
 $C_{проч}$  – шығынның басқа элементтері, тг;  
 $C$  – өнім бірлігін өндіруге кеткен жалпы шығын, тг.